

Тазавакеттан

МҰҒАЛІМ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1935 жылғы
20 наурыздан шығады

Газет айына екі рет шығады

№ 5 (3488), 17 наурыз, 2017 жыл

Еркін баға

Жаңалықтар

Өзгерістерді түсіндіріп берді

ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев ҰБТ-дағы қазақ тіліне қатысты өзгерістерді түсіндіріп берді. «Биыл қазақ тілін мектеп түлектерінің 100 пайызы тапсырады. 12 жыл бойы орыс мектептерінің түлектері қазақ тілін ҰБТ аясында тапсырып келген болса да, оның нәтижелері есепке алынбаған. Тіл білімін бағалау нәтижелері грантты алуға ықпал етпеген. Сонымен қатар, мектеп түлектерінің бір бөлігі қазақ тілін тест негізінде емес, мектепте әзірленген билеттер бойынша тапсырған. ҰБТ екі кезеңге бөлінуі себепті, сондай-ақ, биылғы мектеп түлектерінің 100 пайызы қазақ тілін тапсыруы мақсаты қойылып отырғандықтан, аттестатты алу үшін әрбір түлек емтихан тапсырып, тіл білімін тестілеу қорытындылары бойынша сәйкес бағасын алуы тиіс», - деді министр. Сонымен қатар Ерлан Сағадиев жоғары оқу орнына түсетін түлектер қазақ тілінен сынақты қашан тапсыратынын да атап өтті. «Жоғары оқу орнына барған кезде қазақ тілінде мектеп бітірген балалар ҰБТ-ны қазақ тілінде алып отыр ғой. Биыл олардың үлесі – 80-85 пайыз. 15 пайызы бұрынғы тест ретінде қазақ тілін тапсыратын болады», - деді ведомство басшысы.

Әкім араласпауы тиіс

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Оңтүстік Қазақстан облыстық департаменті аудандардың бірінде мектеп директорының қызметіне сай емес екенін анықтады. «Мен дәл қазір қай аудан және қай мектеп екенін айтпай-ақ қояйын. Бүгінде тиісті материалдар этика жөніндегі комиссияның қарауына жіберілді. Соның шешімі шыққаннан кейін біз барлық ақпаратты жариялаймыз. Дегенмен, мектеп директоры қызметіне сай тиісті біліктілік талаптары бар. Біз құзіретті мемлекеттік органдарға хат жолдап, ол адамның біліктілік талаптарына сай емес екенін анықтадық», - деді департамент басшысы Әли Көмекбаев Астанада өткен баспасөз мәслихатында. Оның айтуынша, қазіргі кезде аудан деңгейінде мектеп директорлары білім беру басқармалары арқылы тағайындалады. Ал ол жұмысқа жергілікті әкімдер ықпал етуі өбден мүмкін. «Мысалы, жергілікті жерде мектеп директорын аудандық білім беру басқармасы тағайындайды. Ал оның үстінде отырған әкім де өз сөзін айтады ғой. Ресми түрде ондай құқығы болмаса да, «мына адамды жұмысқа алшы» дей салады. Амал жоқ, сол адамды қояды. Әкімнің өзі білім саласының сарапшысы болмаса да, өз ықпалын жасап отырады. Сонымен, біліктілік талаптарына сай келмейтін мектеп директоры орын тауып отыр. Біз оны анықтадық. Алдағы екі аптада осы мәселені әдеп кеңесінде қарастырамыз. Әкімге де, білім беру басқармасына да тиісті шараларды қолданамыз. Бірақ бұнымен шектелуге болмайды», - деп атап көрсетті Көмекбаев.

Департамент басшылығы аталған мысалдың негізінде облыс әкіміне тиісті ұсыныстарды енгізуді көздейді. Себебі аймақ бойынша 1025 мектеп бар. «Біздіңше, жергілікті әкім комиссияның шешіміне ықпал жасамас үшін мектеп директорын тағайындайтын комиссия облыста өтуі керек. Ол комиссияның ішінде облыстық аппарат мүшесі болсын, облыстық білім басқармасының өкілі болсын. Бәлкім, қоғам өкілдері кіреді. Негізгі мақсат - мектеп директорын тағайындауды ашық жүргізу. Түбінде қандай жүйе енгізілсе де, жаңағыдай жағдайларға жол берілмеуі тиіс», - дейді департамент басшысы.

Арман АСҚАРОВ.

Мұғалімдердің жалақысын көтермек

ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев мұғалімдердің жалақысын көтеруді қолға алмақ. «Педагогтардың жалақысы тым төмен екендігімен келісемін. Біз бұл бағытта жұмыс жасап жатырмыз. Барлық жанашылдықтарды педагогтармен бірге талқылайтын әдетіміз бар, сондықтан қаржылық мәселелерді де мұғалімдермен, Үкіметпен және Мәжіліспен бірге талқылайтын боламыз. Біз 2017 жылғы бюджетте педагогтардың жалақысын көтере аламыз деп үміттенемін. Педагог мамандығы әжептәуір беделді болады», - деді ол. Оның сөзінше, жақын жылдары Қазақстан үшін балабақша, мектеп пен жоғары оқу орындарына қосымша 200 мың педагог қажет болады. «Бұл жыл сайын жаңа жұмыс орнын ашатын салаға айналады», - деді министр.

Жасұлан ЖОЛДЫБАЕВ.

Маңғыстау ауданының орталығы Шетпе кентіндегі Жастар орталығының мәжіліс залында Маңғыстау облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының «Ауыл және жұмысшы жастарына ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын

• Маңғыстау мектептерінде дап жұмысқа ор-

Жастарға мол мүмкіндік

ұйымдастыру» атты әлеуметтік мемлекеттік тапсырысы аясында «Маңғыстау облыстық Азаматтық Альянсы» ЗТБ-нің ұйымдастыруымен және Маңғыстау аудандық жастар ресурстық орталығының қолдауымен дөңгелек үстел өткізілді.

Жиынды Маңғыстау аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы А.Қонарбаев ашты. Жиында мемлекеттік «Дипломмен ауылға», «Бизнестің Жол картасы 2020», «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламалары жайында «Маңғыстау облыстық Азаматтық Альянсы» ЗТБ-нің жоба үлестірушісі – Мөлдір Амангелдиева түсіндірсе, облыс әкімдігінің қолдауымен ашылған «Жаңа серпін» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жайында мекеме басшысы Қайрат Ырыспаев сөз алып, ауыл жастарының жұмыспен қамтылуы және ондағы кездесетін кедергілерді алға тартты. «Біздің мекеменің басты мақсаты әрбір

жұмысшы жаспен жеке дара жұмыс жасау. Яғни бізге келген жұмыссыз жас өзі жұмыс берушімен келісімге келіп бізге кәсіпорын жайында мәлімет береді. Сосын біз ол жұмыссыз жасты 6 ай мен бір жыл арасында оқытып дайындаймыз. Осы күнге дейін біз 200-ден астам жұмыссыз жасқа жұмысқа орналасуға көмектестік» - дейді «Жаңа серпін» мекемесінің басшысы Қайрат Ерсұлтанұлы.

Жиында сондай-ақ «Тұрғынүй-жинақбанкі» АҚ МОФ-ның қызметкері Гүлзада Сисенова жас отбасыларға мемлекеттік қолдау тарапынан жасалынып жатқан игілікті істермен бөліссе, 2017 жылдан бастап күшіне енетін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде маман дәрігер аталмыш жүйенің тұрғындарға тигізер пайдасы жайында кеңінен ақпарат берді.

Осындай шаралар ауданның Жыңғылды, Тұщыбек, Оңды, Ұштаған ауылдарында жалғасын тапты.

Дүйсенбек ҚОЗБАҚОВ,
аудандық Жастар орталығының
маманы.

Маңғыстау ауданы.

Курстан мол өсер алдық

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жаратылыстану математика бағытындағы пәндерге үш тілділік бағдарламасын енгізген болатын. Мектеп мұғалімдерін үш тілде оқыту бойынша білімдерін жетілдіру мақсатында арнайы курстар ұйымдастырылып келеді. Ақтау қаласында білім беру саласына үш тілділікті меңгерту бойынша ашылған курсқа арнайы жаратылыстану математика бағыты пәндерінің мұғалімдері қамтылды. Курстың мақсаты: мектептегі мұғалімдердің жаратылыстану математика пәндерін үш тілде оқыту, ағылшын тілін үйрету. Курста мұғалімдер 4 модульдік бағдарлама бойынша білімдерін жетілдірді. Бірінші модульде академиялық ағылшын тілінде қарқынды оқыту, екінші модуль – кәсіби ағылшын тілінде педагогикалық пәндерді қарқынды оқыту. Үшінші модуль – ағылшын тілінде оқытудың теориялық негіздері мен әдістерін оқыту. Төртінші модуль – Ағылшын ЖМБ оқытушылық субъектілерінің халықаралық практикалық тәжірибесін зерделеу. Мектебімізден информатика пәні оқытушысы М.Турумов және биология пәні мұғалімі А.Таңатарова өз білімдерін жетілдіріп келді. Курста ағылшын тілінен биология саласы

бойынша тест сынақтарынан өтті. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балаларды қалай оқыту керектігі туралы да білімдерін жетілдірді. Жоғарыдағы модульдердің 4 сатысында халықаралық тәжірибе алмасу мақсатында М.Турумов Оңтүстік Кореяның Сеул қаласына барып әріптестерімен тәжірибе алмасып қайтты. Курстан алған білімдерін А.Таңатарова жаратылыстану бағытындағы биология пәнінде оқушыларға үйретіп әріптестерімен тәжірибе алмасып келеді. Елбасымыздың биылғы жолдауында заман талабына сай көштен қалмау мақсатында ағылшын тілін үйрену керек делінген. Сол үшін де бастауыш сынып табалдырығын аттаған бүлдіршіндердің оқу бағдарламасына ағылшын тілін енгізген еді, ағылшын тілін үйрену сәл қиындау болғанымен көш жүре келе түзелер демекші, біз бұл тілді де үйренеміз, белесті де бағындырамыз, осы орайда кезең-кезеңімен мұғалімдер арнайы курстар оқып өз білімін жетілдіру үстінде. Мұндай курстардың педагогтар үшін маңызы зор деп ойлаймын.

А.ТАҢАТАРОВА,
Үстірт орта мектебінің мұғалімі.

Бейнеу ауданы.

• Бүгінгі нөмірде:

2



Көкейкесті мәселе



3

Білім нәрі - кітапта

4



Физика сабағында терминдерді ағылшын тілінде қолдану

“Қазақстан мұғалімі” газетіне әр айдың 10-ына дейін жазылсаңыз, келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Тәрбие және білім



Нәсіпқали ДАУЛЕТОВ,
Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернатының директоры, педагогика ғылымының кандидаты, «Құрмет» орденінің иегері.

Көкейкесті мәселе

Президенттің биылғы халыққа Жолдауы ел дамуының алда тұрған ең көкейкесті – «Қазақстанның үшінші жаңғыруы, жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп алынған.

Жолдаудың төртінші басылымдық бағыты – ағарту саласының экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналуында – адами капитал сапасын жақсарту міндеті қойылып отыр.

Елбасы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап-ақ интеллектуалдық ұлт қалыптастыруда адами капиталды дамытуды бірінші кезекке қойып келеді. Сапалы білім беруді дамытудың мемлекеттік ең ауқымды бағыттары – «Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау мен дамыту» талабы, «Болашақ» бағдарламасының іске асырылуы. Осындай білімпаз жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар – Кеңестік білім беруде дами алмаған білім ордалары желісінің құрылып, олардың іргелі дамуына негіз болды. Республикада

көптеген дарынды балалар мектептері, қазірдің өзінде оқушыларға әлемдік деңгейде элитарлық білім беру деңгейіне дейін көтерілді.

Білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыруда, Жолдауда мүлде тың, күн тәртібіне тұңғыш рет қойылып отырған – оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыруға баса көңіл бөлу.

Әлем елдерінің тәжірибесінен көріп отырғанымыздай және де бүгінгі еліміздің қарқынды экономикалық дамуы жастардың жастай қаржылық сауаттылығын қалыптастыру – нағыз уақытылы қойылып отырған қажеттілік. Өркениетті елдердің білім беру жүйесінде қаржылық сауаттылыққа тікелей қатынасты үш бірдей пән оқытылады – бухгалтер, бизнес, экономика.

Бүгінгі таңда елдің қарқынды

Бүгінгі таңда жемқорлық індеті қоғамымызды қатты алаңдатып отырған шешуі қиын күрделі мәселе. Әсіресе сыбайлас жемқорлық

экономикалық жағынан дамуындағы, жастардың шағын бизнеспен айналысуы, бәсекелестікке қабілетті тауар өндіруде, ең алдымен, өзінің қалтасындағы, отбасының қаржысын есептеуден бастап, мемлекеттің қаржылық саясатынан оқушы арнайы білім-тәрбие алуы, одан хабардар болуы қажет-ақ. Кеңес Одағы кезінде қалыптасқан білім жүйесі өмірден қалып бара жатқанмен, қазір мектепте ғылымның барлық салалары бойынша 23-ке дейін пән оқытылып, энциклопедиялық білім беріледі. Бірақ үнемі алға дамудың экономикалық негізі, жаһандану дәуіріндегі бәсекелестікке қабілеттілікті – қаржылық сауаттылықты күн тәртібіне қойғанмен, бүгінгі таңда жалпы жастарға уақыт талабына, әрқайсысының қабілет-ікемділігіне қарай бірыңғай бейінді білім беруге көшу баяу жүруде. Бұл жерде ең бастысы – ауқатты болу үшін, тынымсыз еңбек етуге үйрену,

бүгінгі заманның жастарын осы мәселені шешудің жолын іздеп, елімізге бір пайдалы іс жасауға тәрбиелеп, түзу, адал еңбегімен жетістікке жету-

әр кез жаһандық бәсекеге қабілетті болу идеясын жастай санаға сіңіре отырып, білім-тәрбие беру талабы жатыр.

Жолдауда білім-тәрбиеге қатысты ерекше көңіл аударылып отырған мәселе – білікті педагогтардың жетіспеуі және де мұғалім кадрларын даярлаудың сапасын жетілдіру проблемасы.

Біздің елімізде тәуелсіздік жылдары, бүгінгі уақыт талабына жауап бере алатындай дарынды да талапты жастарға әлемдік деңгейде білім беруге қажетті мектептер жүйесі қалыптасып дамып келеді. Қазір ол мектептер күні ертең 12 жылдық білім беруге көшуіміздің – тәжірибелік те, ғылыми да негізі. Ондай мектептердің түлектері еліміздің ұлттық университеттерінде ғана емес, әлемдік үздік жоғары оқу орындарында жоғары білімдік көрсетіп жүр. Демек, 12 жылдық жалпы білім берудің тарихи

шыларына қазіргі заманның індетін дұрыс әрі нәтижелі түсіндіру негізінде «Жемқорлық қоғам дерті, дертіне ем – онымен күрес» тақырыбында 9-

миссиясы – барған сайын күрделеніп бара жатқан интеллектуалдық, шығармашылдық мамандықтарға жастарды даярлауды қамтамасыз ету болса, жаңа типті мектептер сол бағытта жұмыстанып жатқан оқу орындары. Осындай, инновациялық мектептерде қабілетті жастарға әлемдік деңгейде білім-тәрбие беруде, жоғары педагогикалық оқу орындарында арнайы білікті педагог кадрларын дайындау бүгінгі алда тұрған – ең көкейкесті мәселе. Ол сөз жоқ – жоғары педагогикалық оқу орындарын материалдық жағынан қолдауды, оған барған сайын педагогтік мамандыққа қабілетті жастардың көптеп келуіне қолайлы жағдай жасаған болар еді.

Жолдауда адами капитал сапасын жақсарту, әлеуметтік жетілудің базалық негізі – қазақ тілінің, мемлекеттік тілдің басымдылығын сақтауға, оның одан әрі қарай дамуына «зор көңіл бөлу» міндеті көрсетілген.

Осы орайда, кейбір пәндерді Х-ХІ сыныптарда ағылшын тілінде оқытуды асықпай «тиянақты ойлап, ақылмен шешуді» 2019 жылға дейін кейінге қалдыру ұсынылып отыр. Өйткені, сапалы білім алу мен басқа тілді үйренуге қатынасты ойланатын, күрделі, ғылыми жүйеге келмеген мәселелер баршылық.

Сапалы білім алуда, сол тілдің бірнеше мыңдаған сөздік қорын, лексикалық байлығын терең меңгергенінше, ХХІ ғасырдың білімін жоғары деңгейде, сол ғылымның көзге көрінбейтін не бір ішкі логикалық байланыстарын, заңдылықтарын, фантастикалық құпияларын, алға қарай даму перспективаларын санада бейнесін жасау мүмкін емес.

Айталық, кейбір пәндерді оншақты жылдан бері ағылшын тілінде оқып жатырмыз деп жүрген қазақ-түрік лицейі, бүгінгі күнге дейін мемлекеттік емтиханды – ҰБТ-ы өздерінің ана тілінде тапсыруының мәні де, «құпиясы да» осында болса керек.

Тәрбие мен білім алуда әр адам үшін қоғамдағы ең жауапты кезең – мектеп. Жастай алған білім мен тәрбие ғана бала санасында «тасқа ойып жазғандай» сақталынады. Ол – кейін жеке адам дамуының, адами капитал сапасын жақсартудың да іргелі негізі.

Батыс Қазақстан облысы.

өз жұмыстарының мақсат-міндеттерімен қатар жұмыс жүйесін оқушыларымызға түсіндіріп өтті.

Сонымен қатар оқушылар

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы «...ең әуелі, мектепке керегі білімді, педагогика мен методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім» деген. Міне, осы сөздің дәлеліндей оқушыларын ыждаһатпен оқытып, үлкен

• Жаныңда жүр жақсы адам

Ұлағатты

ұстаз



нәтижелерге қол жеткізген ұстаздардың бірі – «Жеңіс» мектеп-гимназиясының биология пәні мұғалімі әрі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нұрлан Зияханов. Нұрлан жас ұрпақтың бойына терең білім мен тағылымды тәрбие сіңіруде үнемі тынымсыз ізденіс үстінде жүретін жанашыл ұстаз. Мектепте шығармашылық жұмыстармен айналысады. Ән айтып, домбырамен өлең айтқанда кәдімгі әншілерден кем емес дерсің. Әр баланың санасына білімді барынша толық жеткізу керектігін терең ұғынып, әрқайсысының жеке тұлға ретінде қалыптасуына мән бере біледі. Осы мақсатта әр баланың ойын тындап, онымен бөлісудің арқасында балалардың жанына жақын, досындай сырлас. Нұрлан әріптестері арасында абыройлы, оқушылары аудандық олимпиадаларда жеңімпаз атанса, өзі 1991 жылы 16 желтоқсан оқиғасына қатысқан.

Тынымсыз еңбекқор ұстаздың білім беру саласындағы қол жеткізген нәтижелері аудандық білім бөлімі мен облыстық білім басқармасы тарапынан ескеріліп, бірнеше рет құрмет грамоталарымен марапатталған. Нұрлан жас өркеннің адамгершілік қадір-қасиеттерін қалыптастыру жолында талмай еңбектеніп келе жатқан ұстаз. Біз оның алда да білім саласын ізгілендіруде талай-талай белестерді бағындыратынына сенеміз.

Ж.НҮСҚАБАЕВ,
Мақтарал ауданының білім бөлімінің әдіскері.

Оңтүстік Қазақстан облысы.

Адамгершілік сезімдері қалыптасады

мемлекетіміздің билік органдарымен қатар лауазымды қызметкерлер үшін қауіпті дерт. Өйткені осы дерттің шырмауына оралған жоғары лауазымды азаматтарымыз елімізге пайдалы дұрыс шешімдерді қабылдаған уақыттағы кедергілерге тап болуынан Отанымыздың экономикасын жоғары қарқында дамуына біршама кедергі жасай отыра еліміздің әлемдік қоғамдастық алдындағы беделін төмендетеді. Бұл дерттің кесірі тереңде жатқан келенсіз көріністердің куәсі ететін лас қылмыстардың бірі екені баршамызға мәлім. «Адамның өмірі камшының сабындай қысқа дейді, адал жар, адал достық, адал қызмет атқарған тұлға ұтар дейді» - демекші, бүгінгі таңда еліміздің экономикасының дамуына бірден-бір кедергі болатын осы мәселені тереңімен жоюға қоғам болып атсалысуымыз қажет. Сондықтанда

ге қалыптастыруымыз керек.

Бұл қылмыс түрімен бүкіл жұрт болып күресу мақсатында әрбір жұмыс орындарында көптеген іс-шаралар мен түсіндірме жұмыстар, сауалнамалар, дөңгелек үстелдер өткізілуде.

Шешуі қиын күрделі мәселені қазіргі жастарымызға дұрыс түсіндіріп, оған қарсы тұра алатын тұлға етіп қалыптастыру мен жемқорлық індетін жою мақсатында Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатымызда жемқорлыққа қарсы «Адал ұрпақ» ұйымы құрылып, өз жұмысын нәтижелі жүргізуде. Ұйым жетекшілері қазақ тілі пәні мұғалімі Арайлым Қыпшақбай және география пәні мұғалімі Айнұр Жақсылық. Ұйым мүшелері – Мәңгілік Қазақстан елінің патриот ұрпақтарынан жасақталған 6-сынып оқушылары.

Мектеп-интернатымыздың оқу-

сынып оқушыларымен дөңгелек үстел саяси сағаты өткізілді. Жемқорлық індетіне қарсы ашық саяси сағатымызды өткізудегі мақсатымыз:

- Оқушыларға адам құқықтары жайлы түсініктерін қалыптастыру, «жемқорлық» деген не екенін түсіндіру;

- Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту, дүниетанымдарын кеңейту, жемқорлыққа қарсы тұра алатын азамат етіп тәрбиеленуіне жағдай жасау;

- Патриоттық, рухани-адамгершілік сезімдерін қалыптастыру.

Іс-шараға қонақ ретінде Қостанай облысы Әділет Басқармасының бас маманы Әсем Жаңалықызы келіп, оқушыларға жемқорлық жайлы, онымен күрес жұмыс түрлері мен зардаптары туралы мәліметтер берді. Мектеп-интернатымызда жемқорлыққа қарсы «Адал ұрпақ» ұйымының жетекшілері мен ұйым мүшелері

КІТАП - БІЛІМ БҰЛАҒЫ

Ғылым қалай дамыса да біз оқушылардың беттерін кітапханаларға бұрмасақ ертеңгі ұрпақтың саналарының жоғары болтынына мен жеке басым күмәндікпен қараймын және баршаның дәл солай деген қолдауына сенемін.

Мысалы, Қазақ халқының энциклопедиясы Мұхтар Әуезовтың «Абай жолын» толық оқыған оқушылар жоқтың қасы. Сонда қалай, олардың ой-өрістері компьютермен немесе «интернетпен» ұшықрыланады деп құп айта алмаймын.

Біздің заманда кітап оқып, сол кітаптың ішіне еніп, сондағы образдармен бірге қуанып, бірге ренжіп, ой-өрісіміздің ұшықрылығы кітап оқу арқылы жетілді десем замандастарымның қостайтыны сөзсіз.

Сәбит Дөнентаевтың «Көркемтай» атты әңгімесін оқығаннан кейін Көркемәлінің образы көз алдыма елестеп, жексұрын Ысқақтың образы балалық жүрегімді қан жылатқаны күні бүгінгі дейін есімде.

Кітап деген ол үлкен әлем, кітап адамды тәрбиелейді, тілдеріне үйретеді, ой-өрісін дамытады. Көп жасағаннан емес, көп оқығаннан ақыл сұра деген дана халық. Барлық білім, барлық ғажап кітапта ғой. Сондықтан көп кітап оқу керек. «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» дегендей, білім нәрінің мәйегі кітап оқуда екенін бүгінгі оқушыларға жете түсіндіру үшін түрлі айла-тәсіл, ізденістер керектігін айтсам қостаушылар табылатыны анық.

Тағы бір қынжылатыным аз ғана оқырмандарымыз, олардың өздері орыс тілділер. Облыстық немесе қалалық басылымдарды салыстырғанда, орыс басылымдарының тиражы үнемі жоғарылауда.

Кітап дүкендерінде және дүңгіршіктерде сармаған басқа тілдердегі кітаптарды көргенде қай елдің дүкенінде тұрмын деген ойға қаласың.

Баланы бастан дегендей, біз өзіміз әр отбасы балалардың кітапқа деген сүйіспеншілігін бала жасынан қолға алуымыз керек.

Одан қала берді осы сұрақты балалар бақшасынан жалғастырсақ. Әрине, бүгінгі күні балаларға деген ертегілер, әдебиеттер баршылық. Жыл сайын өзіміздің мемлекетте қаншама әдебиеттер баспадан шығып әдеби құндылығымыз дамуға десем қателеспеспін.

Өткен ғасырдағы ақыл-ойы ұшқыр жазушыларымыз Абай Құнанбаев, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Илияс Жансүгіров, Сәбит Мұқановтар өздері бір-бір әлем.

Мысалға, осы ғұлама тұлғаларымызды болашақ ұрпақтарымыз оқымаса олар ұмытылып қалатындары анық.

Ал кейінгі жазушыларымыз өз алдына бір төбе. Не десекте қайталап айтқанда келер ұрпақты білім бұлағы кітаппен қауыштырсақ, онда біздің болашаққа сенім артып ұтқанымыз.

Түркі тілдері ішінде қазақ тілінен бай, көркем тіл жоқ. Сол тіліміздің майын ағызып тұрып жазған шығармалар оқылмаса, яғни жазылған нәрсе оқымай жатса онда ол шығармалардың жетім қалғаны.

Өзіміз бала кезімізден батырлар жырына қанық болып, сол батырлардан ұлттық, отансүйгіштік, патриоттық сезім алдық.

Бүгінгі бөбектердің сезімдері қайдағы қарауға тұрартай тұрпайы (Шрек, Микки Маус, Гарри Поттер, Мысық пен тышқан) батыстың мультфильмдерімен оянууда.

Жыл сайын әрине «Абай, Шәкәрім, Мұқағали, Оралхан» оқулары ұйымдастырылады. Бұл да оқушыларды кітапқа құмарландырудың игі істері десе болады. Бұдан да басқа мектептер арасында ең «Абай, Сәкен, Мұхтар, Бейімбет танушы» атты шаралар ұйымдастырылып ең үздіктер марапатталып жатса, бұл да бір ұмытылып бара жатқан ұлттық идеяларымызды айғағы болары хақ.

Кітап арабтың «жазу» деген сөзінен шыққан. Ол тарих шежіресі, оқу тәрбие құралы болып табылады. «Оқымасаң ой тоқырайды» деген сөз кітап оқымағанның ойы таяз, санасы төмен, өмірі қараңғы болатынын дәлелдейді.

Алғаш рет кітап жұмсақ балшықтан жасалған. Жұмсақ балшыққа үшкір нәрсемен жазу жазып, оны кептіріп, кейін күйдірген. Ол кәдімгі кірпіш тас сияқты болған.

Бамбук өсімдігінен таяқшалар әзірлеп соған да жазған. Ежелгі Египетте кітапты тасқа қашап жазған. Кейін жануарлардың терісінен пергамент деп аталатын материал жасалып, кітап соған жазылған. Еуропада кітап шығарудың негізгі материалы қағаз XIII ғасырда пайда болды. Кітаптың шығу тарихы мыңдаған жылдар мен ғасырларды артқа тастаған.

«Кітап атаулы досы бола бастаған шақтан былай ғана, әрбір жан өзін интеллигент бола бастады деп санауына болады» деген Мұхтар Әуезовтың сөзімен келіспейтін жан бола қоймас. Шынымен де, кітап арқылы адамзат ақыл-ойының, інжу-маржанын бойына жинайды да,

Білімді ел озар десек қателеспейміз. Осы ел озу үшін бүгінгі ұрпаққа білім беру бүгінгі күннің түбегейлі мәселесі.

Деседе, осы болашақ жеткіншектердің білім деңгейлері қандай деген көкейде сұрақтар туындайды? Әрине, білім нәрімен сусындап, алға ұмтылған оқушылар қай мектепте болсын баршылық. Осыған қоса жақсы оқитын оқушылармен жұмыс атқаратын білім ошақтарының да жыл сайын саны артуда.

Жыл өткен сайын балалардың психологиясы да өзгеруде. Бүгінгі оқушылардың жандары өте нәзік, осымен қатар балалар өздерінің ойлау қабілеттеріне әлеуметтік желі, интернет, ұялы телефон арқылы тежеу жасап, соны өздері сезбейді.

Мысалы оқушылардың 50 пайызы кітапхана есігін ашпай мектептерді аяқтап жатады. Бұл дегенім оқушылар кітап оқуға мүлдем зауықсыз дегенді аңғартады.

Біз, бүгінгі ғылыми-техникалық прогрестің, ақпараттық озық технологиялардың дамуына және заманға сілтейміз.

оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Кітап – барлық білімдердің басын бір жерге тоғыстырып, кез-келген сәтте көмекке келетін ерен күш, әрі білімді жетілдіріп, жан-жақты ізденіп, тіл байлығын дамытып, саналы да білімді адам шығаруда таптырмайтын баға жетпес дүние.

«Кітапсыз өтілген бір күн, орны толмай бос кеткен күн». Сондықтан да кітап атаулымен дос бола бастау саби шақтан басталу керек. Баланың ой-өрісін дамытуда дамыту ойындары, табиғатпен байланыс, музыкалық біліммен қатар кітап оқу да маңызды болып табылады. Кітап оқу баланың ой-өрісін кеңейтеді, ойлауға үйретеді, сөйлеу қабілетін, есте сақтауын, қиялын дамытады, танымдық және

лайды.

Қазақ балалар әдебиеті туралы сөз қозғағанда ең алдымен Мүбәрәк Жаманбаев, Мұзафар Әлімбаев, Әнуарбек Дүйсенбиев, Бердібек Соқпақбаев, Қаржаубай Омаров сынды қаламгерлердің есімі тіл ұшына оралады. Бүкіл ғұмырын балалар әдебиетіне арнаған тұлғалардың орны қашанда бөлек. Қазір балаларға арналып көптеген сүбелі дүниелер жазылып, жаңадан сапалы кітаптар шығуда. Бірақ



Білім нәрі - кітапта

с о л а р д ы ң

көпшілігі балғын оқырмандарға жетпей жатқаны өкінішті.

Өйткені, кітаптардың таралымы өте аз. Бұрын бүлдіршіндердің бәрі ақын, жазушылардың көз алдында болатын, қара домалақтарымыз қазақ қаламгерлерінің шығармасы арқылы есейетін.

Кенес өкіметі тұсында көп данамен таралған («Қазақстан пионері») «Ұлан» газетін әр отбасы алып оқитын. «Балдырған» мен «Ақжелкен» журналдарына да жеткіншектер жарысып жазылушы еді. Кейінгі уақытта бұл басылымдардың тиражы айтарлықтай азайып кетті. Қазіргі таңда балаларға рухани азық болатындай, оларды тәрбиелейтін құралға айналар жана кітаптар қажет. Балдырғандардың санасына патриоттық тәрбиенің нәрін себетін, жаңа ғасыр ұландарының психологиясын, болмысын ашатын, олардың шынайы тыныс-тіршілігін көрсететін, өмірлік қажетіне жарайтын, ойынан шығатын қызықты дүниелердің саны артса жөн болары анық. Теледидардан көрсетіліп жатқан бағдарламалар мен мультфильмдер, кинолар шетелдің өнімдері. Енді енді өзіміздің мультфильмдер шығып жатқанына қуанамын.

Біздің қара домалақтарымыз қазақ боп туғанына мақтанатындай дәрежеде болуы керек. Ал олардың бойында осындай сүйіспеншілік сезімді қалыптастыру – қаламгерлердің еншісіне жазылған жауапкершілік.

Бүгінде балалар тақырыбында қалам тербеп жүрген ақын, жазушылар жетерлік.

Бірақ олардың көпшілігі балдырғандардың психологиясын жетік біле бермейді. Ең алдымен, кез келген туынды кішкентайлардың ұғымына сәйкес болуы қажет.

Саби тілі былдырлап шыққаннан ақ сүтін емізген анасының әлди әуеніне құлақ түреді. Әжесі мен атасының жарыса айтқан ертегілерін қызыға тыңдайды. Жалмауыз кемпірдің жаузыдығын естігенде әәудіреген жанарларына үрей ұялайды. Батырлық пен тапқырлық туралы айтылатын жер-

лерінде жаны жадырап, рақаттанып отырады.

Осы құштарлықты әдемі безендірілген суретті кітапшалар ұштай түсетінін де үлкендер жақсы біледі. Ал кітап таңдай алудың өзі үлкен өнер. Балалар үшін барлық іс кітаптар таңдауда, нашар таңдап алынған кітаптарды оқу бала үшін ештеңе оқымағандан да гөрі жаман да зиянды.

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Ал білім сипаты алуан түрлі. Ол ұрпақтан-ұрпаққа ауызша, жазбаша түрде немесе көркем әдебиет арқылы да жеткен. Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсіеті. Кітап оқудан тиыпсақ, ой ойлаудан да тиылар едік» - деген еді Ғабит Мүсірепов.

Кітап таңдап талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсеріңді өмір қажетіне жарата білу – әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі. Міне, осы асыл қазынаны оқу қазіргі таңда төмендетіп отыр.

Өкінішке орай көркем әдебиетке деген балалардың қызығушылығы азайды. Әдебиетке деген құлықсыздық пайда болды. Оның себептері күнделікті қолданысқа енген ғалам торабын, компьютер секілді құралдардың әсері деп білеміз. Бұдан соңғы себеп, аттаған әр қадамына ақша керек болатын күнделікті тіршілік қамы адамдардың кітапқа деген ынтасын төмендетіп жіберетіндігі. Мұның барлығы балалардың кітап оқуына үлкен кедергі келтіреді.

Осы мақаламды аяқтап, өзіміңнің есебіле бастаған кезімнен маған тартымды, мазмұнды баспаларымының бірі «Социалистік Қазақстаннан» «Егемен Қазақстанға» айналған газеттің 2017 жыл 9 қаңтардағы нөміріне шолу жасап отырғанымда, Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Айдарлы ауылынан жазған Ержан Байтілестің «Ауылдағы академик» мақаласына көзім түсіп менің мақаламды одан әрі ажарландыра түскеніне қуандым. Қысқаша айтсақ 81 жасты еңсерген Асан Рүстембеков деген қарт сенсеніз айына 28 кітап оқиды екен, ал есептегенде жылына 336 кітапты көзімен сүзіп алады екен. Міне керемет!!!

Еліміздің бір туар аты танымал жазушы Мұхтар Шаханов картпен жүздескен де «Академик» ауылда екен деп таң қалыпты.

Менің айтарым бүгінде біз өскелең ұрпақтарымызға тым болмағанда мектеп бітіргенше айына немесе жылына бір кітаптан оқытсақ деп армандаймын...

Ағылшынның ғұлама жазушысы Уильям Шекспир «Кітап маған тақтан да қымбат», - деген екен. Ал бүгінде керсінше кітаптан гөрі тақты таңдап жүрген жастарымызға кітапты таңдаудың жолдарын көрсету «Мәңгілік ел» идеясын іске асыру жолдарының бірі десем менің қателеспейтінім анық.

Марат САЙДАЛИН,
«Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы» АҚ филиалы «Ақмола облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» қызметкері,
«Нұр Отан» ХДП-нің мүшесі.
Ақмола облысы.

МЕНІҢ ТӘЖІРИБЕМ

Физика сабағында терминдерді ағылшын тілінде қолдану

Ағылшын тілі – ақпараттық технологияның кілті деуге болады. Бүгінгі әлемде мыңдаған адамдар шетел тілін, соның ішінде ағылшын тілін жұмыста немесе оқуда пайдаланады. Қазіргі заманда ағылшын тілі халықаралық бизнес, ғылым мен технологиялар тілі мәртебесіне ие болды.

Осы қадамды құптай отыра, мен өзім сабақ беретін физика пәні бойынша сабақтарымда мүмкіндігінше пайдалану әдістемеммен бөлісем деген ойдамын.

Мысалы, 8-ші сынып физика курсына «Электрлік құбылыстар» тарауында сабақ барысында төмендегідей семантикалық карталарды, теңестірулерді мүмкіндігінше қазақ және ағылшын тіліндегі аудармаларын пайдаланамын. Аз да болса өз тәжірибеммен бөлісем деген оймен кейбір тапсырмалардың үлгілерін ұсынып отырмын.

Қазақ тілінде	Ағылшын тілінде	Орыс тілінде
Оң заряд	attraction	отталкивание
Теріс заряд	repulsion	положительный заряд
Заряд	charge	электрическое явление
Зарядтың сақталу заңы	negative charge	отрицательный заряд
Төбілу	The law of conservation of charge	притяжение
Тартылу	positive charge	заряд

Сонымен қатар шамалардың белгіленуі үш тілде де өзгермейтіндігін ескеріп, тек білгіленуі арқылы атауларын қазақ және ағылшын тіліндегі аудармаларымен жұмыс арқылы анықтау.

№	Шаманың белгіленуі	Kazakh language	English language
1	U	Ток күші	prevents
2	I	қуат	The power of the current
3	R	уақыт	power
4	P	кернеу	time
5	t	кедергі	voltage

Жауаптары

- 1 → 4 → 5
- 2 → 1 → 2
- 3 → 5 → 1
- 4 → 2 → 3
- 5 → 3 → 4

Ал, «Электр тізбектері» сабағында

Test «Өткізгіштерді тізбектеп және параллель жалғау»

1. «serial connection» қандай шама тұрақты болады?

- A) R
- B) U
- C) I

2. «parallel connection» ток күші қалай өзгереді?

- A) $I = I_1 + I_2$
- B) $I = 0$
- C) $I = I_1 - I_2$

3. Тізбектеп қосқанда «full voltage» неге тең?

- A) $U = U_1 + U_2$
- B) $U = 0$
- C) $U = U_1 - U_2$

4. Параллель қосқанда тізбектің «full prevents» қалай өзгереді?

- A) артады
- B) кемиді
- C) өзгермейді

5. «serial connection» тізбектің жалпы кедергісі неге тең?

- A) $R=0$
- B) $R = R_1 + R_2$
- C) $R = R_1 - R_2$

6. «parallel connection» қандай шама тұрақты болады?

- A) I
- B) U
- C) R

7. Тізбектеп қосуда «full prevents» қалай өзгереді?

- A) артады
- B) кемиді
- C) өзгермейді

8. Тізбектегі ток күші барлық жерде бірдей болса, өткізгіштер қалай қосылады?

- A) parallel
- B) mixed
- C) serial

Тест жауаптары:

- 1 – C, 2 – A, 3 – A, 4 – B, 5 – B, 6 – B, 7 – A, 8 – C

Қайталанып келген терминдер есте жақсы сақталатындықтан тапсырмаларым әзірше осындай мағынада болып отыр. Ағылшын және орыс тілдері әлемде кең өріс алған тілдер болып табылатыны ақиқат. Қазіргі жаһандану заманында бірнеше тіл меңгерген жастарымыздың шығар биігі жоғары екендігін мойындау қажет. Сол себепті, мектеп қабырғасында отырған әрбір оқушының жеке қабілеттерін дамытуға жағдай жасауымыз керек деп білемін.

Жауһар Аяпбергенова,

«№3 орта мектебі» КММ физика пәні мұғалімі.

Қостанай облысы,

Лисаков қаласы.



«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» - деп Абай атамыз айтқандай, бүгінгі күні осындай ұлы сөзге лайық, шәкіртінің сүйіспеншілігіне, әріптестерінің құрметіне бөлініп жүрген Сарбалаева Ақсауле Үсенғалиқызы туралы жүрекжарды ниетімді білдіремкін. Ақсауле Сарбалаева саяси са-

• **Ұстазым – алтын діңгегім**

Шаңырақ ұйытқысы

уатты, жан-жақты білімді, өз бойындағы білімді оқушы жүрегіне ұялата білетін әдіскерлік шеберлігі мол мұғалім, әрі тәлімі мол тәрбиеші.

Ақсауле – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары санатты оқытушысы. Қиындығы мен қызығы қатар өрілген мәртебелі мамандықтың жолында 30 жылдан аса тер төккен ұстаз өз ортасында еңбек қуанышына бөленген жан. Әлі күнге дейін Отандық оқу орындарының арасында мерейі үстем тұратын Орал педагогикалық институтының ұлағатты ұстаздарынан дәріс алған Сәуле апайдың өз пәніне деген жауапкершілігі жоғары. Бойындағы мол теориялық білімді жаңа технологиялық әдістермен ұштастыра отырып, оқytудың үздік үлгілеріне сүйенеді.

Ақсауле апай әрбір сабағын үлкен дайындықпен өткізіп, оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруге өз үлесін қосып келеді. Колледжде оқytудың жаңа педагогикалық технологияларын қолдана отырып ашық сабақтар, аудиториядан тыс шаралар мен тәрбие сағаттарын жоғары дәрежеде өткізіп келеді.

Оқу-тәрбие үрдісінде студенттердің бойында оқуға деген құштарлығын оята отырып, колледждің қоғамдық-гуманитарлық пәндік циклдік жетекшісі ретінде жыл сайын әдістемелік семинарлар ұйымдастырып отырады.

«Оқу мен тәрбие егіз» демекші, Ақсауле апай сапалы білімнің саналы тәрбиемен қатар өрістеуіне күш салады. Әр сабағында, тәрбие сағаттарында мейірімділік, іскерлік, білімділік сияқты асыл қасиеттерді насихат етіп отырады.

Көкірек көзі ашық, жаны таза Ақсауле Үсенғалиқызы өз әріптестері арасында да сыйлы. Көрген білгенін, оқыған-тоқығанын зерделеп, ортаға салып отыратын, қуанғанда, қиналғанда жақсы сөзімен жарым ырысқа кенелетін білікті маман, сырлас дос, ақылшы апа – ұжымның да ұйытқысы.

Ақсауле Үсенғалиқызының еңбегі еленіп Маңғыстау облысы техникалық және кәсіптік білім берудің оқу-әдістемелік кабинетінің 2012 жылдың ұстаздар күніне орай дайындалған «Техникалық және кәсіптік білімнің дамуы – ардагерлер мен ұлағатты ұстаздардың еңбегінің жемісі» атты техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға елеулі еңбегі сіңген оқытушыларға арналған жинаққа, 2013 жылы Маңғыстау облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты шығарған «Маңғыстау филологтары» ақпараттық-әдістемелік журналына енгізілді.

Шәкірттері де көптеген аудандық, облыстық олимпиадалар, республикалық конкурстар мен сайыстардың және ғылыми жобалар сайыстарының жүлдегерлері.

Ақсауле Үсенғалиқызы жолдасы Қосболмен тату-тәтті ғұмыр кешіп, қос қозысын тәрбиелеп өсірген аяулы ана, ақ жаулықты әже, берекелі шаңырақтың ұйытқысы. Осының бәрі ұстаз ұлағаты, ана бақыты деген ұғымның көрінісі емес пе?

Әріптесім Ақсауле Сарбалаева Үсенғалиқызына алдағы уақытта да мол шығармашылық табыстар, ата-ана, отбасы бақытын тілеймін.

Базаргул ҚАРЖАУОВА,
«Бейнеу гуманитарлық-экономикалық колледжі» оқытушысы.

Маңғыстау облысы.

Мектеп жаңалықтары

Цветаев тілдеріне арналды

Үстірт орта мектебінде шетел тілдерінің апталығы болып өтті. Апталықтың мақсаты: оқушыларды үштілділікке баулу, шығармашылықтарын шыңдау, өз тілін құрметтеу, өзге тілді білу, меңгерту. Заман талабына сай оқу бағдарламасына үштілділікті енгізіп бастауыш сыныптардан бастап үш тілде сөйлеуге, оқуға, жаза білуге дағдыландыру.

Ашылу салтанатында шет тілдері бірлестігінің жетекшісі А.Нурғалиева қатысушыларға алдағы өтетін сыныптан тыс шараларды белсенділікпен өткізуге сәттілік тіледі. Осы орайда мұғалімдер апталықты жай ғана дәстүрлі сабақ ретінде емес, ойындар арқылы, көріністер арқылы көрсетуге тырысты. Әрбір сынып оқушылары мектеп дәліздеріне ребустары, сөзжұмбақтар жазылған қабырға газеттерін ілді. Жоғары сыныптарға арналған «The adventures in the LetterLand» тақырыбында

сыныптан тыс шаралар А.Мұхамединова апталықты жалғастырды.

Аптаның үшінші күні жоғары сынып оқушыларына «Polyglot» сайысын Ж.Абаев ұйымдастырды. 9-сынып оқушыларына арналған «We live in a peace and friendship» тақырыбында сыныптан тыс шараны Г.Досымбетова ойын ретінде өтті.

Бастауыш сынып оқушыларына арналған Б.Кашкенованың «Have a fun» ертеңгілігі балалар үшін өте қызықты болып өтті. Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушыларына арналған орыс тілі пәні мұғалімдері Т.Байжанова, С.Жақсымбетовтың «Моя Родина – Казахстан» тақырыбындағы ертеңгілігінде Қазақстандағы өзге ұлттардың бір ту астында бірігіп, тату-тәтті ғұмыр кешіп жатқаны жайында көрсеткен көріністері апталық қатысушыларын таң қалдырды.

Ә.Қудасбаеваның 9-сыныптарға арналған «Лидер XXI века» интеллектуалдық ойыны оқушылардың ойындағы сұрақтарын қойып, бір-бірімен ойларын бөлісті. Сабақ соңында сұрақтарға дұрыс жауап берген оқушылар марапатталды.

Апталықтың соңында орыс тілінің мұғалімдері А. Есетова және А.Қудасбаева 10-сыныптарға орыс жазушысы А. С. Пушкиннің өмірбаянына, шығармаларына арналған көрініс қойса, шет тілдер пәні мұғалімдері З.Чибентаева және Ж.Жолдасбаеваның ұйымдастыруымен «The immortal poet» тақырыбында шетел әндеріне арналған әдеби сазды кеш болды.

Б. СУЙМУХАМЕДОВ,
Үстірт орта мектебінің орыс тілі пәні мұғалімі.

Маңғыстау облысы,

Бейнеу ауданы.

Ғылым дегеніміз табиғат, қоғам және ойлау туралы жаңа білімдерді алуға бағытталған зерттеу ортасы. Ал ғылыми зерттеу – ғылыми әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, белгілі бір объект жөнінде жаңа білім қалыптастыруымен аяқталатын жүйелі және арнайы мақсатқа көзделген танысу.

Сырым табиғатынан жиі ауыратын бала. Ауырған кезде апасы емдік шараларының бірі – балды қолданады. Апасы балды сүтке қосып ішкізеді, компресс жасайды, балдан дәрі-дәрмек жасайды. Содан балдың емдік қасиетін

дейін, жекелеген тәжірибелі бал ара өсірушілер 180 кг-ға дейін бал жинайды екен.

Негізінен, ара балы бір шырынды және көп шырынды болып бөлінеді.

Бір шырынды бал – тек өсімдіктердің бір түрінен ғана жиналған шырын. Оны өсімдіктердің түріне қарай – кара-құмық балы, жөке ағашының балы деп, неше түрлі атайды.

Көп шырынды бал – өсімдіктердің бірнеше түрінен жиналған шырын. Оны табиғи бал беретін өңірлерге байланысты дала балы, тау балы, бақ балы деп ерекшелейді.

Озат тәжірибе - көпке ортақ

Ара балының пайдасы

білмек болып «Бал деп нені айтады? Оның тарихы қайдан бастау алады? Аралар оны қалай жасайды?» деген оймен балды зерттеуге кіріседі. Оның атасы Хасен ата омарташы, көп жылдардан бері бал арасымен айналысады. Сырым атасының қасында көп жүргендіктен, кәсібіне көмектескендіктен бал арасының тіршілігі қатты қызықтырды. Балдың пайдасы жайлы атасынан жиі естиді. Содан Сырымға мынадай ой келеді «Неге бал туралы зерттеп білмекпе?». Өзінің алғашқы шағын ізденіс жұмысын ара балы, оның түрлері, пайдасы мен емдік қасиеті туралы мәліметтер жинаудан бастады. Оқушы «Балдың пайдасы мен емдік қасиеті» тақырыбында жүйелі ізденіс жұмыс жүргізіп, болашаққа арналған нақты жоспар құрды. Балды күнделікті өмірде жиі қолданатынын, оның адамға тигізетін көптеген пайдасы мен емдік қасиеттерін, өзіне тән ерекшеліктерін білді. Бізді қоршаған табиғат небір қызықты құпияларға толы. Табиғат аясында тіршілік етіп, адам табиғат сырын игеріп үйренді, оның сан алуан құбылыстарын бағалай білді. Оны, әсіресе, ара балының пайдасы мен емдік қасиеті қызықтырды. Таза өнімдердің өндірісіне тікелей қатысатын жер шарындағы жалғыз жәндік – аралар. Сондықтан ол жұмысының тақырыбын «Балдың пайдасы және емдік қасиеті» деп алып, ұсынылып отырған зерттеу жұмысында балдың түрлері, олардың адамзатқа пайдасы мен емдік қасиеті жайында мәліметтер жинады. Ара балының құрамы және балдан жасалатын денсаулыққа пайдалы тұнбалар мен жақпамайлар туралы қарастырды.

Балаға өз бетімен зерттеуге мүмкіндік туғызған сайын одан әрі жақсы оқи түседі. Дарындылық пен шығармашылықты дамытудың түрлі жолдарының ішінде баланың өзіндік зерттеу жұмысы тиімді болып табылады. Балалардың дарындылығын дамытудың басты құралы – ең алдымен зерттеушілік ізденіс, білуге деген құштарлық, бақылауға, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық болып табылады. Дарынды баланың бойынан табылатын қасиеттердің, білімге құштарлықтың кілті – білімде. Баланы ізденушілікке, шығармашылыққа баулу, оған зерттеу дағдысын меңгерту – мұғалімнің міндеті. Мұғалім дарынды балалармен жұмыс істеу арқылы олардың бойындағы ерекше қасиетті бағалап, біліп отыруы қажет. Зерттеушілік, ізденушілік, шығармашылық қасиеттер балаға тән құбылыс. Мұндай белсенділік баланың жеке дамуына, өзіндік көзқарасының қалыптасуына ықпалы зор. Нәтижесінде білімін тереңдету мақсатында балдың түрлерімен танысты. Өсімдіктің бір түрінен жиналған бал «бір шырынды», ал бірнеше өсімдік түрінен жиналған бал «көп шырынды» деп аталады. Оны өсімдіктің түріне қарай атайды. Қазақстанда әр ұядан орта есеппен жылына 15 кг-ға

Табиғи балдың түрлері
Өмірде табиғи балды ажырату оңай емес. Қантты бал араны қант шырынымен қоректендіру арқылы алынады.

Сатушылар оны табиғи балға араластырып сағатады. Бұл орайда табиғи, жасанды балды ажыратуға ешқандай анализ көмектеспейді. Жасанды балдың құрамында қант, қант крахмалы, ұн, желім, гипс болады. Оның кейбірін ұй жағдайында анықтауға мүмкіндік бар. Ол үшін бір стакан қайнаған су аласыз да оған балды араластырасыз (Бір стакан суға жарты стакан бал). Сол кезде тұнбаның төменгі жағында немесе бетінде механикалық қалдықтар шыға келеді. Ол – балдың құрамында крахмалдың бар екендігінің айғағы.

Гүлдейтін қаншама өсімдіктер бар болса, соншама балдың түрлері бар. Біз енді солардың бастыларын атап айтсақ.

Түйебұршақ (донник) балы бірінші сортты балға жатады. Ақ немесе ашық – янтарь түсті болып келетін хош иісі бар балдың бұл түрі глюкозаға бай. Түйебұршақ балы ішек ауруларына пайдалы.

Шайқурай (кипрей) балы мөлдір жасыл сары түсті сұйық бал. Балдың бұл түрін әлсіздікке, жараны қайтаруға пайдаланады.

Жөке (липа) балы жақсы сортқа жатады. Сары жасыл түсті балдың бактерияға қарсы қасиеті бар. Жөке балының тамақ ауруларына пайдасы мол. Сондай-ақ, тыныштандыратын, ұйқыны жақсартатын қасиеті бар.

Шабындық (луговой) балы бірінші сортты балға жатады. Сары қоңыр немесе алтын түсті балды шабындықтағы түрлі гүлдерден алады. Бұл бал арқылы тыныс алу, жүйке, жүрек және ас қорыту жүйесін емдеуге болады.

Танқурай (малина) балы ақ түсті болады. Жоғары сортқа жататын балдың бұл түрі суық тигенде тұмаудың алдын алу үшін пайдаланылады.

Қарақұмық (гречишный) балы қою қызыл немесе қоңыр түсті болады. Жоғары сортқа жататын бұл балдың ерекше иісі бар. Қарақұмық балы темірге, магний, мысқа бай болғандықтан, түрлі қан ауруларын емдеуге пайдаланылады. Жүйке жүйесінде қарақұмық балы бірден-бір ем. Сондай-ақ, тері ауруларын да балдың осы түрімен емдеуге болатынын анықтап дәрігерлермен кездесу жүргізді.

Қорытындысында Қадырғажы Сырым бастауыш сыныптар арасында өткізілген «Білім және Ғылым» атты республикалық шығармашылық фестивальға қатысып «Ең үздік ғылыми жоба» байқауында 2-орын алып дипломмен марапатталды.

«Жеңімпаз» айдарын иеленгені үшін сертификат берілді.

**Толқын МУСТАФАЕВА,
Бастауыш сынып мұғалімі.**

**Шығыс Қазақстан облысы,
Ұржар ауданы.**

СЫРДАРИЯ АГРАРЛЫ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНДЕ

Шынболат –

жас таланти

Сырдария аграрлы-техникалық колледжінің «Ауылшаруашылық өндірісіндегі тракторшы-машинист» мамандығы бойынша оқитын ІІ курс Ф-15-40 топ студенті Шынболат Арғынбаев Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерейтойына арнап өзінің «Жас талант» атты шығармашылық концертін ұйымдастырды.

Оқуға түскеннен кейін әнге деген қызығушылығын, талантын байқаған колледждің саз маманы С. Байдаулетов Шынболатты өзі тәрбиелеп, шығармашылығын шыңдай түсті. Сол кісінің арқасында бірнеше әндер үйреніп, таланты арта түсті. Сонымен қатар аудандық ән конкурстарына қатысып, жүлделі орынмен марапатталды, аудандық ән-хор көркемөнерпаздардар үйірмесінің белсенді мүшесі.

Кешке колледждің студенттері де белсене атсалысты. Әр курстан бір студенттен шығып Шынбо-

лат туралы ой-пікірлерін айтты.

Кеште ана туралы, патриоттық әндер, жастар туралы бірнеше тақырыпта әндер шырқалды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ. Тұрғанов кештің өте керемет ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өткенін айтып, алғысын білдірсе, колледж директоры Алғыс хатпен марапаттап, болашақта зор үміт күтетінін айтып өтті. Сонымен қатар өндірістік оқу шебері Бакытбек Ахметов пен топ жетекшісі Мақпал Мығымбаева топ студенттерінен құттықтап, сыйлықтарын табыстады.

Бір сергітіп тастады

«Қызғалдақ» қыздар ұйымының жетекшісі, осы жолдардың авторы М. Мығымбаева және №36 топ жетекшісі А.Смагановтың ұйымдастыруымен «Қыз бала тәрбиесі – қоғам тәрбиесі» атты арнайы мамандармен дөңгелек үстел болып өтті. Кездесудің негізгі мақсаты – қыз балаларды адалдық, жүріс-тұрыс дағдысы, рухани-адамгершілік, сонымен қатар жеке-бас гигиенасын сақтауға, әдепсіздік пен азғындық жолға түспеуге тәрбиелеу болатын.

Облыстық дін мәселелері зерттеу орталығының аудан бойынша ұйымдастырушы маманы – Сәуле Сыздықова, Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы - Гауһар Бегалиева, Қызылорда облысы Жастар денсаулығы орталығының Сырдария аудандық құрылымдық бөлімшесінің маманы – Гүлзат Жаналиева, колледж психологы – Айсулу Исакова шақырылып, өз ойларын ортаға салды.

Мамандар өз саласына қатысты арнайы дайындалған видеороликтер, слайдтар, парақшалар тарату арқылы түсіндірме жұмыстарын жүргізді, сонымен қатар өмірден бірнеше мысалдар келтіру арқылы студенттерге өз салалары бойынша тақырыпты жетік меңгерте білді. Колледж студенттері де белсенді түрде қатысып, көкейлерінде жүрген бірнеше сұрақтың жауабын алды. Колледж психологы соңында тренинг жүргізіп, студенттер мен қонақтарды бір сергітіп тастады.



Поэзиялық кеш

Ақын Сейтмұрат Емберенов Сырдария ауданының рухани-мәдени өміріне сүбелі үлес қосқан тұлға. Азаматтық болмыс бітімі мен қаламгерлік қарымын қарапайымдылықпен ұштастырған дарынды жан, бірнеше жыр жинақтарының авторы. Оқырман қауым арасында ол кісінің отты жырларына сұраныс арада қаншама жылдар өтсе де жоғары. Бұл ақынның өлең өлкесіндегі өзіндік даралығын білдірсе керек.

Жақында колледжде саз маманы С.Байдаулетов пен кітапханашы М.Мығымбаеваның ұйымдастыруымен жергілікті ақын Сейтмұрат Ембереновтің шығармаларына арналған «Үлкеннен ұлағат» атты поэзиялық кеш өтті.

Ақын шығармаларын насихаттау, өмір жолын жас толқынға үлгі ету, шығармаларындағы ұлттық тәрбиені қалыптастырып, оны болашаққа жалғастыру мақсатында өткізілген шараға колледжіміздің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Тұрғанов және колледждің әдіскері Ш.Баяханова шақырылды. Сонымен қатар бірнеше ұстаздар мен студенттер қонақ болды.

Өз кезегінде кітапханашы интерактивті такта арқылы жергілікті ақын ағамыздың өмір жолын, қызметтік кезеңдерін, марапаттарын және еңбектерін көрсетіп, бірнеше естелік суреттерімен студенттерді таныстырып өтті.

Ақын шығармаларын мәнерлеп оқуда I, II курс студенттері белсенділік танытты. Атап айтар болсақ: Аяна Ибрагимова – «Алланы тану имандылық», Гүлжан Базарбай – «Ата-анаға құрмет», «Аллаға жақындау», Арай Ханзада – «Тыңда балам әкенді», Айткүл Жинеева – «Ана туралы», Бибімарал Мұратбаева – «Ана тілім ардақтым», Назерке Ералы – «Иманды бала – ибалы», Ғазиза Сейпұлмәлікова – «Төрлет қонақ», Гүлдана Ерікқызы – «Даналық нұсқа» атты шығармаларын мәнерлеп жатқа оқыды. Ал Серік Байдаулетовтің әр әнінің тарихына тоқталып, сол әндерді орындау арқылы кеш қонақтарына ерекше көңіл сыйлады.

**М. МЫҒЫМБАЕВА,
Сырдария аграрлы-техникалық колледжі
кітапханашысы.**

Қызылорда облысы.

Өткен сабағымның негізгі мақсаты төмендегідей құрылымдардан тұрды:

- Сақ тайпаларының шығу тегі, мекендеген жерлері, ел қорғаудағы ерліктері, тұрмысы, шаруашылығы, мәдениеті туралы толық түсінік беру.

- Жерін, елін қорғаған ержүрек жауынгерлердің ерлігіне оқушылардың көңілін аударып отырып, олардың бойында патриоттық сезім қалыптастырып, ұлтжандылыққа баулу.

- Оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз бетінше жұмыс жасауына, шығармашылықпен айналысуына ықпал жасау, бағыт-бағдар беру.

Сұрақ-жауап, пікірталас сабағын география, сурет сабақтарымен байланыстырдым.

Сақ туралы алғашқы мәліметтер


Ежелгі заман деректерінде аты ерте әйгілі болған қазақ халқының ата тегінің арғы тайпалары мен ұлыстары: сақ, үйсін, қаңлы, сармат, ғұн тайпалары.

Ежелгі парсы, грек, иран жазбаларында «құдіретті еркектер, азиялық скифтер, жүйрік атты турлар» деген атаулармен белгілі.

Зерттеушілерге сақтар туралы мәліметтер беретін ежелгі мәтіндердің екі тобы белгілі. Олар: парсы патшаларының тастағы сына жазбалары және грек рим авторларының шығармалары. Парсы патшалары Дарий мен Ксеркстің бұйрығымен жазылған мәтіндерде Қазақстандағы тайпалардың аты аталады. Грек және латын тіліндегі деректердің арасынан Геродот пен Страбонды айтуға болады. Осындай деректерге қарағанда Грекияда, Рим империясында, Персияда, Египетте, Үндістанда көшпелілерді жақсы білген.

Сақтар – б.з.б. I мыңжылдықта Орта Азия мен Қазақстан жерін мекен еткен ежелгі тайпа. Олар ежелгі дүние өркениеттерімен қарым-қатынас жасаған. Жалпы, сақ тайпалары атауының мағынасы жайында көп пікір бар. «Сақ» сөзінің мағынасын парсы жазбаларында құдіретті еркектер деп түсіндіреді, ал иран жазбаларында жүйрік атты турлар дейді. Ежелгі грек авторлары сақтарды «азиялық скифтер» деп атады.

Б.з.б. 484-425 жылдары өмір сүрген грек тарихшысы Геродот сақтарды массагет деп атаған. Грек деректерінде көшпелі тайпалардың тағы да бір атауы – дай (дайлар) кездеседі. Грек тарихшыларының айтуына қарағанда, сақтар «дұшпанға – қатал, досқа – адал» болған. Олар батыр жауынгерлерді ардақтап, құрмет тұтқан. Сақ деп аталатын тайпалардың әрқайсысының өз алдына көсемі болған. Грек авторы Ктесий: «сақ әйелдері ержүрек келеді, соғыс қаупі төнгенде ерлеріне көмек көрсетіп, ұрысқа араласады» деп баяндайды.



Сақ тайпаларының қоныстануы

Сақтар – б.з.б. I м.ж. Орта Азия мен Қазақстан, Шығыс Түркістан жерін мекен еткен ежелгі тайпа. Сақ тайпалары негізінен үш топқа бөлінеді: парадарайя, тиграхауда, хаумаварга.

Ғалымдар Қазақстанның ертедегі тұрғындарының қоныстанған жерлерін анықтады. Олардың бір тобы Жетісуда, Тянь-Шань тауларында, Сырдария өзенінің орта ағысында тұрды. Парсылар оларды шошақ бөріктілер – сақ-тиграхауда деп атаған. Тайпалардың екінші бір тобы Арал бойы мен Сырдарияның төменгі ағысын мекен еткен. Парсылар оларды

сақ-парадарайя – теңіздің арғы жағындағы сақтар деген. Олардың оңтүстігінде сақ-хаумаваргалар қоныстанған. Ғалымдардың пайымдауынша мұндай атау оларға хаома сусынына байланысты берілген.

Тиграхауда сақтары осы күнгі Ташкент қаласы аймағында, Солтүстік Қырғызстан, Оңтүстік Қазақстан және Жетісу жерінде өмір сүрген. Жетісу алқабы «шошақ төбелі сақтардың» жиі қоныстанған орталығы болған. Осы «шошақ төбелі сақ» деген атау ұзақ уақыт сақталған. Күні кешеге дейін қазақ халқы өздерін «шошақ төбелі қазақпыз» деп атап келген.

Арал теңізінің солтүстік-шығыс жағасын мекендеген сақ тайпаларын жазба деректерде дайлар, аргиппейлер, исседондар деп атайды. Бұл тайпалар Қазақстанның Орал тауының оңтүстік өңірлерінде, Солтүстік, Орталық аймақтарында мекендеген.

Сақ қоғамы

Қоғамдық құрылысы: Әскери демокра-

жиналысының, яғни тайпаның барлық ересек ер адамдары жиылысының рөлі күшті еді, ол көсемдерге де ықпал жасады. Бұл алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырап, әскери демократияның пайда бола бастаған кезі болатын.

Тайпа мүшелері өз жиналыстарында тайпа көсемін сайлады. Тайпа көсемі бас қолбасшылық қызметін де атқарып, тайпалар мен рулардың арасындағы даулы мәселелерді шешті, қақтығыстарды реттеп отырды. Көсем өз тайпасының қарумен, азық-түлікпен қамтамасыз етілуін қадағалап, тайпа атынан келіссөздер жүргізіп отырды, жайылым және көші-қон мәселесін реттеді. Жер бөлісін айналысып, оны пайдалану жолын белгіледі.

Сақ қоғамы жауынгерлер, абыздар, малшылар мен егіншілер деп аталатын үш топтан тұрды. Жауынгерлерді ежелгі үнді-ирандық тілінде «ратайштар», яғни «арбада тұрғандар» деп атаған. Абыздардың танымал белгісі болып тостаған мен

қатысуға құқылы болған.

Гректер сақтарды аса жоғары құрметтеп, оларды әлемдегі ең әділ, ең шыншыл халық деп есептеген.

Ақсүйектер мен қарапайым қауымдастарды жерлеу айырмашылықтары көзге бірден түседі. Бұл қоғамдағы мүлктік теңсіздіктің орнықанының айқын көрінісі.

Қауымдық жер мен суды пайдалануды да көсемдері реттеп отырған. Олар руларға жайылымдық жерлерді бөліп берген. Ру ақсақалы жаңа орынға көшіп-қонуды басқарған.

Ежелгі грек географы Страбонның айтуынша сақтар жақсы шабандоздар болған. Олар садақпен, қылышпен және қола балталармен қаруланған, сауыт киген.

Қоғамдық құрылысы



Жеке оқушыларға озық тапсырма:

1. «Азиялық скифтер», «құдіретті еркектер», «жүйрік атты турлар» деп қай деректерде айтылған?
2. Сақ тайпалары мен тайпалық одақтарының топтарын атап, олардың қоныстарын картадан көрсет.
3. Сақ әйелдерінің қоғамдағы орны жөнінде әңгімеле.
4. Сақ қоғамында көсемдердің рөлі қалай бағаланды?

Сабақты қорытындылау:

«Сақ» сөзі парсы жазбаларында қандай мағына берген?

Малды қолға үйрету мен егіншілік қай кезеңде қалыптаса бастады?

Шығыстанушы және қазақстандық ғалымдардың пікірінше шошақ бөрік киіп жүретін сақтар қай жерлерді мекендеген?

Неолит мекенжайлары неліктен уақытша болған?

Қазақстан археологтары б.з.б. III ғ. басы мен II ғ. аяғына жататын сақ дәуірінің қонысын қай жерден тапқан?

Еңбек бөлінісі қашан пайда болды? Қазақстанның қай аймақтарында түйе өсірілген?

Ежелгі Қазақстан тұрғындары неліктен көшпелі мал шаруашылығымен айналысуға көшті?

Сақ қоғамында өмір сүрген адамдардың үш тобын көрсет?

Қазақстанда қола балқыту қай кезеңнен басталды?

Парсылармен соғысқа басшылық жасаған сақтардың әйел патшасы кім?

Жеке меншік қай кезде қалыптасты? Сақ-парсы шайқасы жөнінде жазған тарихшы ғалым.

Андрон тайпалары сүт өнімдері мен етті қалай сақтаған?

Үйге тапсырма: §15, шығармашылық тапсырма: сурет салу. Тірек сызба сызу.

Зауре МУСАБЕКОВА,
№35 мектеп-гимназияның мұғалімі.

Алматы облысы,
Талғар ауданы.

БІР САБАҚ

Қаусар бұлақ


Сабақтағы құндылықтар мен қасиеттер: Сүйіспеншілік, шынайылық, адамдарға риясыз қызмет ету, жанашырлық.

Сабақтың мақсаты мен міндеттері: оқушы санасына мейірімділік, қайырымдылық, сүйіспеншілік құндылықтарын сіңіру;

Сара Алпысқызын біз неге өзін-өзі тану пәнімен байланыстырамыз?

С.Алпысқызы қандай марапаттауларға ие болған?

Үлкен жүректі анамызға қандай ризашылық білдірер едіңдер?



жаңа тақырыптың мазмұнын аша отырып шынайылық қасиетін түсіндіру; сөздік қорларын байыта отырып адамдарға риясыз қызмет ету қасиетін дамыту; бірін-бірі сыйлауда, кадрлеуде жанашырлық қасиетіне тәрбиелеу болды.

Ресурстар ретінде суреттер, буклеттерді пайдаланып, интербелсенді тактадан видеоролик көрсеттім.

Кіріспе сөз: С.А.Назарбаева Президенттің зайыбы ғана емес, ең алдымен әйел, ана және мейірімге зәру балаларға қамқор жан. Балаларға жақсылық жасау үшін оларды сүйе білу қажет.

Сара Алпысқызы – қоғам қайраткері, экономист. Қазіргі Бұқар жырау ауданы, Қызылжар ауылының түлегі. «Қарағанды көмір» ӨБ-мамандығы бойынша жұмыс істеді. 1992 жылғы ақпан айынан бастап «Бөбек» республикалық балалар қайырымдылық қорының негізін қалаушы және президенті.

Қор өсіп келе жатқан ұрпақтың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етумен байланысты мәселелерді шешу, балаларға адамгершілік-рухани білім мен тәрбие беруде қоғамға нақты көмек көрсетеді. «Бөбек» республиканың барлық аймақтарында жетім және мүмкіндігі шектеулі балаларға, көп балалы отбасылардың балаларын қолдау және көмек көрсету бойынша балалар қорларын ұйымдастырды.

Жаңа сабақ: Қаусар бұлақ тұңғынан Мұғалім сыйы: «Алтын жүрек анамыз» видеоролик.

Сұрақтар: Сара Алпысқызы кім?

Болашақ еліміздің азаматы ретінде мейірімін төккен анамызға қандай ұсыныс айтар едіңдер?

Шығармашылық жұмыс: Топтық жұмыс.

Оқушыларды «Шұғыла», «Сәуле», «Шуақ» топтарына бөліп, келесі тақырыптар бойынша ой бөлістік.

«Мен анамды түсіну үшін...»
«Мен анамды қуанту үшін...»
«Мен анамды бақытты ету үшін...»

Топтағы оқушылар жазған ойларын, шығарған өлеңдерін топ-топ бойынша оқып береді.

Топпен ән айту: Ш.Қалдаяқов, Ғ.Қайырбеков «Ана туралы жыр».

Үй тапсырмасы: «Ана жанұямының жылуы» тақырыбында эссе жазу.

Сабақтың қорытынды сәті: Тілек ағашына жапырақшаларға бір-біріне жылы тілектер жазып іледі.

Сабаққа белсенді қатысқан оқушыларды мадақтау.

Сабақтан алған жақсы қасиеттерін жүректеріне түйіп сақтап алады.

Сүйіспеншілік, сүйіспеншілік, сүйіспеншілік бар жерде

Сүйіспеншілік, сүйіспеншілік, сүйіспеншілік бүкіл әлемде.

Гүлнар БАЗАРБЕК, Ө. Жәнібеков атындағы жалпы орта №4 лицей-интернатының өзін-өзі тану пәні мұғалімі.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы.

Мамандық таңдау – ең маңызды шешімдердің бірі. Әрбір азамат мамандық таңдауда қателеспейуі керек, себебі қоғамға өз пайдасын тигізуі қажет. Көбінесе мамандық таңдау ережесін білмегендіктен, көп адамдар мамандық таңдаудан қателеседі. Осыдан өз мамандығына деген қанағаттанбаушылық, немқұрайлылық пайда болады.

Өз мамандығын жақсы көрген, жауапкершілікпен атқарған адам өзін-өзі құрметтейді, шын бақытты бола алады. Қазіргі таңда сұранысы көп, қызығушылығын жоймаған мамандықтардың бірі – мұғалім. Қиындығы мен қызығы мол мамандық.

Мектепке кіргенде балалардың сыңғырлай күлген дауыстары мені үлкен қуанышқа бөлейді. Мектеп балалардың екінші үйі болса, ал ұстаздар екінші анасы. Мектепке келген әр үйдің еркелерін бір арнаға тоғыстырып, олармен жұмыс жасау оңайға соқпайды.

Әр баланың тілін тауып, тілдесіп, жақсы тәрбие берудің өзі бір үлкен ғанибет емес пе? Балаларды адамгершілікке, мейірімділікке, ізеттілікке, білімділікке тәрбиелеу мына біздің мұғалімдердің еншісінде деп ойлаймын. Ұстаздың бойынан осы қасиеттер табылуы қажет. Мұғалімнің міндеті – талап пен еңбекті оқушыдан талап ете отырып, білімнің

теңізінен маржан тергізу. Оқушы сабағыннан жалықпау керек, сол сабақтың қызығушылығын арттыруы керек.

Сондықтан өз мамандығыма үлкен жауапкершілікпен қараймын. Атақты неміс педагогі Адольф Дистервег: «Нашар ұстаз шындықты қайталайды, жақсы ұстаз

Мамандықтың бәрі жақсы

Мамандығымды мақтан тұтамын

сол шындықты іздеп, табуға үйретеді» деген екен.

Қазіргі таңда дүниежүзілік өркениетке жету мақсатында білім беру жүйесін оңтайландыру қолға алынуда. Ондай азаматтық міндеттерді жүзеге асыру біз секілді жас мамандардың міндеті екенін жақсы түсініп, өзімді осы жолда өз мүмкіндіктерімді барынша пайдаланып жүрмін деп есептеймін.

Сондықтан өз мамандығымды мақтан тұтамын.

Адемхан УТТИБАЕВА, №5 орта мектебі КММ мұғалімі.

Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы.

Мектеп жаңалықтары

Ақынға арналды

№231 орта мектебінде М.Мақатаевқа арналған «Жыр тұнған жалын жүрек» атты әдеби-музыкалық кеш өткізілді. Кешті мектеп кітапханашысы А.Тоқмырзаева мен тәлімгерлер Ж.Даужанова және А.Құрманова ұйымдастырды.

Кеште оқушылар ақиық ақынның өлеңдерін, өлеңіне жазылған әндерін орындап және поэмаларынан көріністер қойды.

Ақынның өлеңін 4-сынып оқушысы Н. Құдабаев, 8-сынып оқушысы Ш. Орынбаев, 10-сынып оқушысы Ұ. Тілеулесова нақышына келтіріп әсерлі орындады. Соңында мектеп директоры С.Жұмалиев және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ұ. Байбарақова ақын туралы өздерінің ойларын айтып, кешті қорытындылады.

А. ТОҚМЫРЗАЕВА, № 231 орта мектебінің мұғалімі.

Қызылорда облысы, Арал ауданы.

Мәртебесін көтерді

Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған гимназиясында екі апта бойы «Ең үздік сынып жетекші» байқауы өтті. Байқау мақсаты сынып жетекшілердің тәжірибе алмасуын, кәсіби шеберлігін арттыру, оқушыларды тәрбиелеу жұмысын ұйымдастырудың озық әдістерін анықтау, шығармашыл сынып жетекшілерді қолдау болатын.

Байқауға қатысушы 5-10 сынып жетекшілері І кезеңінде сыныптан тыс іс-шара өткізсе, ІІ кезеңде сыныптағы тәрбие жұмысының ең басты бағыттарын насихаттайтын «Менің сыныбым» атты жарнамалық буклет пен сыныптан тыс өткізілген шаралардың әзірлемесінен тұратын әдістемелік жинақты қорғады. Ал ІІ қорытынды кезең мәжіліс залында салтанатты түрде өтті. Әрбір қатысушы сыныбымен «Сы-

нып жетекшінің сыныптағы өмірінен бір күн» тақырыбында қойылым көрсету, түрлі сұрақтарға жауап беру, педагогикалық жағдаяттарды шешу сияқты шығармашылық тапсырмалар орындады.

Қатысушылар өз сыныбымен атқарылып жатқан тәрбие жұмысын шығармашылықпен, тапқырлықпен, әзілмен көрсете білді.

Осы байқау барысында әрбір сынып жұдырықтай жұмыла бірігіп, өз белсенділіктері мен ұйымшылдықтарын танытты. Байқау нәтижесінде келесі сынып жетекшілер: М. Сыздықова «Ең тартымды сынып жетекші», Б. Муканова «Шығармашыл сынып жетекші», Д. Абраева «Тапқыр сынып жетекші», А. Альдекенова «Еңбекқор сынып жетекші» номинацияларымен марапатталса, Э. Абылғазина ІІІ орын, К. Тулеубаева ІІ орын, Д. Нургалиева І орын, С. Нургалиева «жеңімпаз» атағын иеленді. Барлық қатысушылар дипломмен және сыйлықтармен марапатталды.

Гүлбану БАКИРБЕКОВА, Дарынды балаларға арналған гимназия директорының орынбасары.

Павлодар облысы, Ақсу қаласы.

Оқушылар шығармашылығы

«Қайнар» гимназия-мектебінің мұғалімі Әжібекова Айжан Дулетиярқызы – оқушыларды шығармашылыққа баулып, дарынын шыңдау жолында үздіксіз еңбек етіп келеді. Әр сабағын оқушының дүниетанымын дамытып, шығармашылық қабілетін аша білуге бағыттайтын ұстаздың шәкірттері бүгінде әр деңгейдегі талай-талай сайыстардың жеңімпазы. Назарларыңызға Айжан Әжібекованың 5-сыныпқа әдебиет пәнінен «Өтірік өлең» тақырыбына орай жүргізген жұмысының нәтижесін, оқушылардың «Өтірік өлеңдерін» және «Аружан – мақтанышымыз!», «Жарқын болашақтың» жампоздары тақырыбындағы олимпиада жеңімпаздары туралы материалдарды ұсынып отырмын.

Жақсылық НҰСҚАБАЕВ,

Мақтарал аудандық білім бөлімінің әдіскері.

Оңтүстік Қазақстан облысы.



Айжан ӘЖІБЕКОВА
қазақ тілі мен әдебиеті пәні
мұғалімі.

Төлебей Аружан Бақытжанқызы – «Қайнар» мектеп-гимназиясының 11-сынып оқушысы.

Аружан — мақтанышымыз!

Аружан келешекте журналист болуды армандайды. Бүгінде осы арман жолында үздіксіз ізденіс үстінде.

2013 жылы Астана қаласында «Зият» шығармашылық орталығы ұйымдастырған «Замананың актуальді мәселелері» тақырыбындағы жобада мақаласы үздік танылып, аталған жинаққа енді. Сонымен бірге 2012 жылы «Республикалық интернет олимпиадаға» әдебиет пәнінен қатысып, арнайы дипломның иесі атанды. 2015 жылы «Біз жеңістің ұрпағымыз» атты аудандық сайыста арнайы дипломмен марапатталды. 2015 жылы Астана қаласы «Қосымша білім беру орталығы» ұйымдастырған «Сүйемін туған тілді, анам тілін...» атты

сайыста «Алтын шумақ» номинациясы бойынша 2-орынды иеленді. Ал Асықата кенті Мәдениет үйі ұйымдастырған «Тәуелсіздік – тұғырым» атты жыр мұшайрасында 3-орынды жеңіп алды.

2016 жыл Аружан үшін толағай табыстарға толы болды. Астана қаласы «Еуразиялық гендік қор» ұйымдастырған «Жас журналист – 2016» сайысында 2-орынды қанжығаға байлады. Ал, ең басты жетістігі – Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай Астана қаласына, «Қазақстан» ұлттық арнасына барып, арнайы марапатты иеленуі еді. «Қазақстан» ұлттық арнасының «Таңшолпан» бағдарламасы ұйымдастырған «Тәуелсіздікке тарту» атты барлық жастағы көрермендер арасында өткен өлең жазу сайысында Аружанның «Жаса мәңгі, Тәуелсіздік ұраны!» атты өлеңі үздік деп танылды. Бұл әрине, Аружанның ғана емес, мектеп ұжымының да үлкен жетістігі еді. Жетекшісі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Айжан Әжібековамен бірге Тәуелсіздік мерекесіне орай Астана қаласына жол тартып, «Қазақстан» ұлттық арнасының арнайы марапаты мен сыйлықтарын иеленіп қайтты. Ұлттық арна ұжымы дайындаған сый-сияпаты мен мәдени орындарға саяхатын тамашалап, зор құрметпен оралды.

Үздіксіз оқу мен ізденісті

серік еткен Аружан әлі де талай-талай биіктерді бағындырып, ата-анасы мен ұстаздарының өзіне артқан сенімін ақтай біледі деген сенімдеміз. Біз сенімен мақтанамыз, Аружан!

Жаса мәңгі, Тәуелсіздік ұраны!

Алатындай көктегі айды бүгін,
Қазақстан қанатын жайды бүгін.
Жиырма бес жыл жеңісі белгісіндей,
Кең әлемге таралған айбынының,
Тарихымыз өтті қиын белестен,
Тәуелсіздік келді талай егеспен.
Қазақстан дүр сілкінген ел бүгін,
Өзге елдермен терезесі теңескен!

Қайрат сынды батыр ұлдар торықпай,
Тік сөйледі өкіметтен қорықпай.
Шықты олар ереуілге жалындап,
Қазағымың болашағын қорықпай.
Жерге жыққан озбырлыққа берілмей,
Тапаншаны тақаса да шегінбей.
Қайтпас қайсар қарсылығы жастардың,
Осып өтті ата-баба кегіндей.
Кең даламды мұң түнек қара басты,
Зұлымдық пен сатқындық жағаласты.
Алматы көшелерін куә етіп,
Қызыл қан аппақ қармен араласты.
Біздер аштық бейбіт өмір есігін,
Азат күннің тербеткендей бесігін.
Бостандық жолындағы боздақтардың,
Ардақ тұтып өтейікші есімін!
Нұрағамдай патша келіп қазаққа,
Кең даламды толтырды сан ғажапқа.
Елбасымен өрге басқан қазағым,
Қол сілтеді бұрын тартқан азапқа.
Сарқылмасын тәуелсіздік жыр-әні,
Зор қарқынмен биіктейміз біз әлі.
Құтты болсын жиырма бес жыл

мерейлі,

Жаса мәңгі, Тәуелсіздік ұраны!

Аружан ТӨЛЕБАЙ,
«Қайнар» гимназия мектебінің
11-сынып оқушысы.

Ат орнына инелікке отырдым,
Құйрығымен егіндікті опырдым.
Көп көрген соң инеліктің пайдасын,
Бар қорамды инелікке толтырдым.

Бақдәулет
ӨТЕПБЕРГЕН

Мен иненің тасты тескенін,
Пойыздың суды ескенін,
Сыырдың арба жеккенін,
Маймылдың егін еккенін,
Балықтың жерде жүргенін,
Тасбақаның күлгенін көрдім.

Абылайхан КЕМЕЛХАН

Тышқанның ізіменен жүріп келдім,
Тышқаным ақ көйлек тігіп бердім.
Тышқаныммен әдемі киініп ап,
Құмырсқаның тойына кіріп келдім.

Акерке МЫРЗАТАЙ

Жоғалып үйім бір күні,
Іздеп жүрдім күн-түні.
Тығылып ап бұлттарға,
Келтірді ғой күлкіні.
Үй салғанмын батадан,
Үйренгем өнер атадан.
Көйлек тіктім мысыққа,
Он метрдей матадан.

Ұлтай ЕСБАТЫР

Жұмысымда жүр едім,
Қонаққа Бақа шақырды.
Көлге келсем су бермей,

Аш қалдырды, қатырды.

Білімімді байқатып,
Маймылды да оқыттым.
Шұлық пенен қолғапты,
Өрмекшіге тоқыттым.

Мініп алып құртқа,
Өрмеледім бұлтқа.
Алып келіп айды,
Көрсеттім көп жұртқа.

Жасадым жұмыртқадан алтын табақ,
Қатты мұзды боршалап еттім тамақ.
Шегірткенің аяғынан қасық жасап,
Ертеден кешке дейін ішім шалап.

Рамазан
МОЛДАКӘРІМ

Шыбындармен дос болып,
Айға ұштық бәріміз.
Айдан жүзім жинап ап,
Күнге қондық қайта біз.
Мініп алып құлынға,
Ұшып бардым Қырымға.
Қызыл гүлдер көп екен,
Антарктида қырында.

Гүлзағира
СМАДИЯРОВА

Екі күнде әлемді айналып шықтым,
Жер астынан қуылып

айдалып шықтым.

Ал ғарышқа ұшып ем ол өңірден,
Күлім қағып жадырап,

жайқалып шықтым.
Қазбекби СҰЛТАН

«Жарқын болашақтың» жампоздары

Мақтарал ауданының білім бөлімінің ұйымдастыруымен мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, қазақ халқының мәдени құндылықтарын дәріптеу, халық әндері мен қазақ сазгерлерінің шығармаларын насихаттау және талантты жастарды анықтау, оларды көпшілікке таныту, әдеби және рухани қазыналарын кеңінен насихаттау, оқушылардың шығармашылық, ізденушілік қабілеттерін, мәдени дүниетанымын дамыту мақсатында аудан көлеміндегі мектептердің 7-11 сыныптарында оқитын қазақ және өзге ұлт оқушылары арасында «Жарқын болашақ» олимпиадасы өткізілген болатын.

Олимпиадада ән байқауы, қазақ тілі мен теориясы, өлеңді мәнерлеп оқу, сөз шеберлері, жазушылар және жазбаша шығармашылық жұмыстар жеңімпаздары анықталды.

Олимпиаданың облыстық кезеңі Шымкент қаласындағы №1 қазақ-түрік ер балалар лицейінде өтті. Осы сында ауданымыздың намысын қорғаған оқушыларымыз өздерін жақсы қырларынан таныта біліп, бірнеше жүлделі орындарды иеленіп, табысты оралды.

«Сөз шеберлері» конкурсы бойынша өзге тілде оқытылатын сыныптар бойынша Ф.Оңғарсынованың «Жетім моноголь» өлеңін оқыған Айни атындағы ЖОМ-нің 8-сынып оқушысы Лола Орзуева I орынды иеленіп, республикалық сайысқа жолдама алды. Лоланың жетекшісі – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Эльмира Асанова. Республикалық сайыс осы жылғы сәуір айында Алматы қаласында өтеді. «Тілші әдебиетшілер» конкурсы бойынша өзге тілде оқытылатын сыныптар арасында Абай атындағы №90 жалпы орта мектебінің 9-сынып оқушысы Бохар Сулейменова III орынға ие болды. Жетекшісі – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Нурсулу Шамсутдинова.

Мынан тұлпар, жүзден жүйріктер ғана жүлде алатын бәйгеде ауданымыздың абыройын асқақтатқан шәкірттерімізге және олардың мұғалімдеріне алғыс айта отырып, алдағы күндері білім шыңының бұдан да биік белестерін бағындыра берулеріне тілектеспіз.

Ж. НҰСҚАБАЕВ

Түркісіб жалпы орта білім беретін мектебінде Алаш партиясының 100 жылдығына байланысты «Азаттықты аңсап өткен Алаш арыстары» атты апталық өтті. Апталық «Алаш идеясы

• Мектеп тынысы

Апталық өтті

және бүгінгі Қазақстан» атты кітап көрмесімен ашылды.

Тарих пәнінің мұғалімдері дайындаған «Алаш арыстарының фотошежіресі» бүктеме сайысында оқушылар Семей қаласында, аудан, ауылдарда партияға мүше болған қарапайым жұмысшылардың да аты-жөнімен танысты. «Азаттықты аңсаған ақындар» эссе жазуда көзге түскен ерекше ой толғау авторлары 9-сынып оқушысы Гүлдана Шынболатқызы мен 11-сынып оқушысы Айжан Қасымжанова. «Көзінді аш, оян Қазақ, көтер басты» деп Міржақып Дулатұлының өлеңімен бастап, қазіргі Қазақстанның жетістіктері Алаш партиясының арманы еді, Қазақстанның бұдан да гүлденіп өркендеуі біз, жастардың қолында, сондықтан көп оқыық, білімді болайық» деп Гүлдана өзінің ой толғауында жазды.

Апталық «Азаттықтың таңы атты» қорытынды әдеби кешпен аяқталды. Мұнда оқушылар қазақ зиялыларының өмірімен, еңбектерімен танысып, өлеңдері мәнерлеп оқылды және «Алаш партиясы» туралы деректі фильм көрсетілді.

Гүлжан ТУРАБЕКҚЫЗЫ,
Түркісіб ЖОББМ кітапхана
менгерушісі.

Шығыс Қазақстан облысы.

Он күндік өткізілгі

Мектебімізде барлық сынып оқушыларының қатысуымен «Өзін-өзі тану: Махаббат пен шығармашылық педагогикасы» тақырыбында онкүндік өткізілді. Онкүндік мақсаты: оқушылардың бойына рухани-адамгершілік, үлкенге құрмет, кішіге ізет қасиеттерін дарыту.

Сол онкүндікке мектеп кітапханасы да атсалысты. Кітапханашы К. Қонысованың ұйымдастыруымен «Мейірім төгетін ана» тақырыбында көрме өткізілді. Көрме II бөлімнен тұрды. I бөлім Сара Алпысқызының отбасы, өмір жолы, балаларға деген ықыласы жөнінде болса, II бөлім «Жүректен – жүрекке» атты оқушылар тілегі болды. Көрменің негізгі мақсаты: анаға, ұстазға деген махаббаттың, оқушылардың өзара сыйластығын дамытып, мейірбандыққа тәрбиелеу. Мейірімділіктің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру.

К. ҚОНЫСОВА,

«Ақжигіт орта мектебі» ММ-нің
кітапханашысы.

Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы.

Менің иесі: «Қазақстан мұғалімі» ЖШС

Бас редактор
Мынажадин
СЕРМАҒАМБЕТОВ
Тілші
Гүлжанат ИХСАНОВА
Беттеуші
Айнұр ЖАШИБАЕВА

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
050052, Алматы қаласы, Садовый бульвар көшесі, 1А
(Жандосов және Яссауи көшелерінің қиылысы).
ТЕЛЕФОНДАР: Бас редактор: 8 (727) 293-61-59.
Бөлім: 8 (727) 293-61-43, 8 (727) 390-06-33.
Моб.: 8 705 776 24 86
E-mail: kazmugalimi@mail.ru. Сайт: kazmugalimi.kz
Газет «Алматы-Болашақ» АҚ баспаханасында басылды.
С.Мұқанов көшесі, 223 «В» үй.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №150 куәлік берілген.
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Газетті жарияланған материалдарды редакцияның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды. Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді. Жарнама мәтінінің мазмұнына жарнама беруші жауапты. Газет материалдары «Қазақстан мұғалімінің» компьютерлік орталығында теріліп, беттеледі.
Газет индексі 65354. Таралымы 1000. Тапсырыс 388.
М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10